

Тақырып: Қолхат

Орындаған: Кульманова М.Н.

- **ҚОЛХАТ** - белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат негізінен мекемеішілік қатынастарда жиі қолданылады.

- **Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:**
- - құжаттың аты;
- - қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- - қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- - алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- - қайтарылатын нақты уақыты;
- - қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- - қолхат жазылған күн;
- - тараптардың қолы;
- - мекеме мөрі.

Сөздік:

- қолхат- расписка
- азамат- гражданин
- мерзім-срок
- кепілақы- задаток
- қарыз- долг
- ақша- деньги
- уәде- обещание
- қайтарып беру- вернуть, возвращать
- алу-брать
- кабылдап алу- принять
- уақытында-вовремя
- кепіл ақы- задаток

Үлгілермен танысыңыз:

■ Қолхат

- Мен ИИТ-02-17 тобының студенті Мәлік Нұршаұлы, университеттің қазақ тілінде оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 1000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтарып беремін деп міндеттенемін. Жеке куәлік нөмірі ...
- 15 ақпан ,2003ж. (қолы)

■ Расписка

- Я, студент группы ИИТ-02-17 Малик Нуршаулы, взял в читальном зале «Қазақ тілі» для временного пользования энциклопедию «Казахстан» (стоимостью 1000 тенге). Обязуюсь вернуть книгу в течении недели.
- Номер удостоверения личности.
- 15 февраля, 2003 г. (подпись)

Қолхат түрімен танысыңыз:

- **Қолхат**
- Мен, Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаева Алматы қаласы Таугүл-1 шағын ауданы 84 үй, 31 пәтердің тұрғыны, жеке басымның куәлігі №123456789 ҚР ІІМ-гі берген, Алматы қаласы Абай даңғылы, 25 үй, 64 пәтерде тұратын азамат Арман Мұхитұлы Асқаровтан, жеке куәлігі №123456789 ҚР ІІМ-гі берген 3000(үш мың) АҚШ долларын алдым.
- 2003 жылы 15 қыркүйекте жасалған келісім-шартқа сәйкес 2003 жылғы 10-шы қыркүйектен 10 желтоқсанға дейін алынған ақшаның пайызын төлеп тұруға міндеттенемін. Мекенжайым өзгерген жағдайда бұл туралы үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндеттенемін.
- Осы қолхат үш дана етіп жасалған, бір данасы №1 нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы Арман Мұхитұлы Асқаровта, үшінші данасы Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаевада сақталады.
10.12.2003жыл тараптардың қолы

6-слайдта берілген қолхат мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

- Қолхат беруші кім?
- Қолхат алушы кім?
- Қолхат беруші неше теңге алған?
- Қолхат беруші не істеуге міндеттенеді?
- Қолхат неше дана етіп жасалған?

Сөз тіркестерін аударыңыз

- Келісімшартқа сәйкес, үш күн мерзім ішінде, үш дана, кеңседе тіркелген, мекенжайы өзгерген жағдайда, ақшаны қайтару, қайтаруға міндеттену, пайыз төлеп тұруға, мерзімінде қайтару, қолхат беру, келісімшарт талаптары.

Жағдаяттар бойынша қолхат жазыңыз

- Қарызға ақша лау
- Мекемеден уақытша пайдалануға компьютер алу
- Мекеме бухгалтериясынан несие алу

Сұрақтарға жауап беріңіз

- Қолхат қандай құжат?
- Қолхатта қолхат беруші мен қолхат алушы туралы қандай мәліметтер көрсетілуі тиіс?
- Қолхат неше дана етіп жасалады?
- Олар кімде сақталады?